

## Әдебиеттер

1. Алибеков С.К. Қылмысты саралаудың ғылыми негіздері. Оқу құралы Алматы, 2019.
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқу құралы /- Алматы: Қазақ университеті, 2016.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 03.07.2014. - Алматы: Жеті Жарғы, 2020.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 04.07.2014. – Алматы, 2014.
5. Нұрмашов Ү.Ө. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. – Алматы: Жеті жарғы. – 2008.
6. Қазақстан Республикасының қылмыстық атқару заңнамасы бойынша жазаны өтеу тәртібі оқу құралы / Н.Ә. Биназаров, Б.П. Жұмағұлова, Т.Б. Сәткей. – Тараз: Тараз университеті, 2018.

### *Секция Филология ғылымдарының өзекті мәселелері*

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЫБЫСТАР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### *Нұржанова А.С.*

филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақ және орыс тілдері кафедрасының оқытушысы

### *Отарова Г.С.*

№176 мектеп ағылшын пәнінің мұғалімі, Қызылорда қ.

Фонетика ана тіліндегі дыбыстың айтылуын жетік білу- шетел тілін дұрыс меңгеру үшін де қажет. Шетел тілін оқып үйрену де, ең алдымен сол тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғатын танып білуден басталады. Шетел тілін дұрыс меңгеру дегеніміз- шетел тіліндегі сөздерді дұрыс ұғып, өз ойыңды сол тілде анық жеткізе білу. Сөздерді дұрыс айту үшін ана тіліндегі дыбыстар мен шетел тілінің дыбыстарын салыстыра отырып үйрену аса қажет. Бұл тұста фонетикалық әдістеме қолданылады. Фонетикалық әдіс тіл үйренушіге шетел тіліндегі дыбыстар мен сөздердің және сөз тіркестерінің айтылуын үйретіп, саналы түрде меңгеру үшін, шет тілі мен ана тілінің артикуляциясын бір – бірімен салыстыра отырып үйрету болып табылады. Әр тілдегі тіл дыбыстарының айтылуының тек өзіне тән ерекшеліктері болады. Сонымен қатар сол тілдегі барлық сөздердің және соларға тән екпін, буын, интонацияның да ерекшеліктері бар. Мысалы, ағылшын тіліндегі дыбыстар жүйесінің, қазақ тіліндегі дыбыстар мен салыстырғанда өзгешелігі көп, сондықтан ағылшын тілін оқып, үйренуде

дыбыстар жүйесін жан-жақты қарастырған жөн. Дыбыстар жүйесін қарастырмас бұрын дыбыс, фонема, әріп деген ұғымдардың айырмашылығына назар аударайық.

Ахмет Байтұрсынұлы кезінде «... Дыбыс таңбасын қаріп деп атаймыз. Сондықтан жазылған сөз ішінде пәлен қаріп бар дейміз. Айтылған сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс пен қаріп екеуі – екі басқа нәрсе. Біріне-бірін қатыстырып, шатыстырмау керек. Дыбыс- естілетін, көзге көрінбейтін нәрсе, қаріп көрінетін, естілмейтін нәрсе», - деп анықтап берген болатын [1, 12 б.б]. Енді фонема мәделесі жөніндегі ғалымдардың көзқарастарын қарастырайық. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салған - орыс және поляк тілін зерттеуші И.А.Бодуэн де Куртенэ болып табылады. И.А.Бодуэн де Куртенэ фонеманы индивидтік, тілдік топтар саласында өмір сүретін, тілдік таңбаларды бір-бірінен ажырататын дыбыстық жүйедегі ең кішкене бірлік деп таниды [2, 8 б.б].

Қазақ лингвистикасының іргетасын қалаушылардың бірі, профессор Құдайберген Жұбанов: «...Сөздерді және оның тұлғасын өзгерте алатын кішкене мүшені, дыбысты фонема» деп таниды [3, 25 б.б]. Қазақ фонетикасына еңбегі сіңген профессор І.Кеңесбаев : «...Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық бірлікті фонема деп айтамыз», - дейді [4, 44 б.б].

Сонымен, жоғарыдағы іргелі ұғымдарға сүйенсек , фонема дегеніміз – индивидтік, тілдік топтар саласында өмір сүретін, тілдік таңбаларды бір-бірінен ажырататын, сөздер мен олардың тұлғасын өзгерте алатын дыбыстық жөйедегі ең кішкене дыбыстық бірлік. Ағылшын тілінде 26 әріп бар, оның алтауы – дауысты, қалғаны – дауыссыз. Олар:

A a	H h	O o	V v
B b	I i	P p	W w
C c	J j	Q q	X x
D d	K k	R r	Y y
E e	L l	S s	Z z
F f	M m	T t	
G g	N n	U u	

Ағылшын тілінде 44 фонема бар: 20 дауысты, 24 дауыссыз.

Дауыстылар: [a:], [ə], [ɔ:], [u], [u:], [ʌ], [ə:], [ə], [eɪ], [aɪ], [ɔɪ], [ɪə], [ou], [au], [uə], [εə]

Дауыссыздар: [p][b][m][w][f][v][θ][ð][s][z][t][d][n][l][r][ʒ][ʃ][ʒ][ʒ][ʃ][k][g][ŋ][h][j]

Ағылшын тілінде 24 дауыссыз фонема бар екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Енді осыларды қазақ тіліндегі дауыссыздар мен салыстыра отырып топтастырайық. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстарды топтастырудың негізгі заңдылықтары төмендегідей:

- I. According to the manner of articulation (Дауыссыздар үннің, дауыстың қатысы мен ауаның кедергіге ұшырауына байланысты төмендегідей топқа бөлінеді):

- 1) plosive/ occlusive (шұғыл) – Ағылшын тілі: [p b t d g k n r m]  
- Қазақ тілі: <п б т д к г қ м н ң>
- 2) fricative/ constrictive (ызың) - Ағылшын тілі: [f v s z ө Ә ʃ zh j l wŋ]  
- Қазақ тілі: <с з ш ж х ғ л й у h>
- 3) affricates (аффрикаттар) - Ағылшын тілі: [C G]  
- Қазақ тілі: (жоқ)
- 4) rolled (діріл дауыссызы) - Ағылшын тілі: жоқ  
- Қазақ тілі: <р>
- 5) lateral (бүйір) - Ағылшын тілі: [l]  
- Қазақ тілі: <л>
- 6) nasal (мұрын жолы) - Ағылшын тілі: [m n ŋ]  
- Қазақ тілі: <м н ң>

Шұғыл фонемаларды айтқанда, дыбыстау мүшелері біріне бірі жабысады да, бірден кілт ажырап кетеді, ауа үзіліп, шұғыл шығады. Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің бір- біріне жуысып, ауа жолы тарылып, ауа сүзіліп шығуы арқылы жасалады. қазақ тіліндегі діріл р дауыссызы тіл ұшының дірілінен пайда болады. Жоғарыда көрсетілгендей, қазақ тілінде аффрикат фонемалар болмаса, ағылшын тілінде діріл дауыссыз кездеспейді.

II. According to the positions of active organs of speech and according to the place of articulation (Актив сөйлеу мүшелерінің қызметіне байланысты және айтылу немесе жасалу орнына қарай дауыссыздар төмендегідей топтастырылады):

1) labial (еріндік) – Ағылшын тілі: [p b m f v w]

– Қазақ тілі: <п б м у>

Ағылшын тіліндегі еріндік дауыссыздар ерін-ерін, ерін-тіс болып екіге бөлінеді: bilabial (ерін-ерін) – [m p b w]

labio-dental (ерін-тіс) – [f v]

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі ерін-ерін фонемалары екі еріннің біріне бірі жабысып немесе дөңгелен жуысуы арқылы жасалады. ағылшын тіліндегі ерін- тіс дауыссыздары астыңғы еріннің үстіңгі күрек тіске жуысуынан пайда болады.

2) lingual (тіл) – Ағылшын тілі: [ð Ө t d z s r k g ŋ l j C G ]

– Қазақ тілі: <н л р ж ш з с т д к г ғ қ у ң>

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі тілдік дауыссыздар тіл алды (forelingual), тіл ортасы (mediolingual) және тіл арты (backlingual) болып бөлінеді:

-тіл алды (forelingual) – Ағылшын тілі: [t d l n r Ә ө s z C G Z]

– Қазақ тілі: <т д с з ш ж н л р>

-тіл ортасы (mediolingual) – Ағылшын тілі: [j]

– Қазақ тілі: <й>

-тіл арты (backlingual) – Ағылшын тілі: [g ŋ k ]

– Қазақ тілі: <г ғ к қ ң х>

Тіл алды дауыссыздары тілдің алдыңғы бөлігінің белсенді қызметі арқылы жасалады. Тіл ортасы фонемаларын айтқанда, тілдің орта бөлігінің

үстіңгі жағы қатты таңдайға жуықтасады. Тіл арты фонемалары тілдің артқы бөлігінің жұмсақ таңдайға жуықтасуынан пайда болады.

3) glottal (көмей) – Ағылшын тілі: [h]

– Қазақ тілі: <h>

Көмей дауыссызы жұтқыншақ қуысында тілдің артқы бөлігінің кейін жиырылуы мен жұтқыншақ қуысының тарылуы арқылы жасалады.

III. According to the position of soft palate (Жұмсақ таңдайдың қалпына қарай төмендегідей топтастырылады):

1) oral (ауыз жолды) – Ағылшын тілі: [p t d k g f v s z S Z G C l w r h j]

– Қазақ тілі: <л р ж ш з с т д к г ғ қ у п б й>

2) nasal (мұрын жолды) – Ағылшын тілі: [m n ŋ ]

– Қазақ тілі: (н ң м)

Ауыз жолды фонемаларды айтқанда, ауа ауыз қуысы арқылы өтеді, мұрын жолдылар ауаның мұрын қуысы арқылы өтуінен жасалады.

IV. According to the work of vocal cords. according to the degree of voice (Дауыс шымылдығының қатысына байланысты , дауыстың қатысына қарай дауыссыздар төмендегідей бөлінеді)

1) voiceless. fortis (қатаң) – Ағылшын тілі: [p t f s S C h]

– Қазақ тілі: <п к қ т ш с х h>

2) voiced. lenis (ұяң) – Ағылшын тілі: [b d g v z Z G]

– Қазақ тілі: <б г ғ д ж з>

3) sonorants (үнділер) – Ағылшын тілі: [m n l w r j]

– Қазақ тілі: <л м н ң р й у>

Қазақ тіліндегі дауыссыздар мен ағылшын тіліндегі дауыссыздар арасындағы айырмашылықтар:

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың бұлай жіктелуінің ерекшелігі дауыстың және салдырдың қатысу дәрежесіне байланысты болады. Дауыссыздардың кейбіреуі дауыстың (үннің) қатысуымен жасалса, қайсыбіреуі дауыстың қатысуынсыз жасалады. Осыған байланысты олар қатаң, ұяң болып бөлінеді. Қатаң дауыссыздар дауыс шымылдығы жиырылып қысылмай, дауыстың (үннің) қатысынсыз жасалады. Ұяндар дауыстың қатысуымен жасалады. Ағылшын және қазақ тілдерінде дауыстың (үннің) қатысуы немесе қатыспауы жағынан ажыратылып, өзара жұп жұбымен айтылады. Мысалы, ағылшын тілінде p-b, t-d, k-g, s-z, f-v, ; қазақ тілінде: т-д, к-г, с-з, ш-ж. Сонымен қатар ағылшын және қазақ тілдеріндегі дауыссыздар салдырдың қатысы жағынан да ажыратылады. Ағылшын тілінде қатаң дыбыстарды айтқанда, салдыр басым болып келеді, яғни ауа қарқыны басым болады. Сондықтан олар кейде қарқынды немесе күшті дауыссыздар деп те аталады. Ал ұяндарды айтқанда, ауаның қарқыны, қатаң дауыссыздарға қарағанда, баяу болады, сондықтан оларды әлсіз дауыссыздар деп атайды. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі w j фонемаларына көңіл бөлген жөн, себебі олар кейде жартылай дауысты дыбыстар болып табылады [5, 15 б.б].

Ағылшын тілі үшін қазақ тіліне қарағанда [m, n, l] - "сонаталық" буынды дауыссыз дыбыстар, сондай-ақ буын түзуге қабілетті дауысты дыбыстар тән (мысалы, people, garden, prism буынында). Бұл сонанттар көрші шулы дауыссыз дыбыстарға қарағанда әлдеқайда керемет және буын ретінде әрекет етеді. Оқушыларға, әдетте, бұл силлабикалық сонанттардың рөлін қабылдау қиын, өйткені бұл құбылыс қазақ тіліне жат. Мұны нақтылау үшін сөйлеу дыбыстарының салыстырмалы дыбысы туралы түсінік беру керек (ең дауысты – дауысты, содан кейін дауыссыз және аз дауысты-дауыссыз дыбыстар). Ағылшын тілінен айырмашылығы, қазақ тіліндегі буындар қатты және жұмсақ болып бөлінеді. Қатты және жұмсақ сөйлеу сөзде жұмсақ (алдыңғы) немесе қатты (артқы) дауысты дыбыстың болуына байланысты. Қаттылық пен жұмсақтық бойынша жұптар (a) – (ə), (o) – (ө), (ы) – (і), (ɛ) – (ү) құрайды. Тек дыбыс (e) қатты түрлерден айырылады. Буындағы дауысты дыбыс оның қаттылығымен немесе жұмсақтығымен ғана емес, сонымен қатар буынның қалыптасуына қатысатын дауыссыз дыбыстардың қаттылығын немесе жұмсақтығын да анықтайды. Мысалы, анау (it), ал (take) сөздері қатты буыннан тұрады. Дыбыстар (H), (L) қатты дауыссыз дыбыстардың әсерінен қатты айтылады. Өс (расти) әл (сила) сөздері жұмсақ дауысты дыбыстардан тұрады, жұмсақ айтылады. Ағылшын тілі буынның басында екі, үш немесе одан да көп дауыссыз дыбыстарға мүмкіндік береді. Қазақ тілінде сөздердің басында бір дауыссыз дыбыс жоқ: жан(жан), сән(безендіру). Ағылшын сөзінің соңында төрт және тіпті бес дауыссыз дыбыстың аяқталуы мүмкін, бұл қазақ тіліне мүлдем жат. Қазақ сөздерінің басым көпшілігінде буынның соңында екіден көп емес дауыссыз дыбыстар бар, ал буынның соңында тек шектеулі сорттар бар, екі дауыссыз дыбыстың тіркесімі: сонор дауыссыз + рт, лт, нт, (жұрт, бұлт, қант және т.б.). Қарызға алынған сөздерге келетін болсақ, олардың көпшілігі заңнан тыс көрінеді (атеист, литр, Омбы). Тіл сабағында дауысты айтуды үйретудің мақсаты-оқушыға оларды академиялық емес сөйлеу тәжірибесінде күнделікті қарым-қатынас деңгейінде қолдануға мүмкіндік беретін тілдік дағдыларды қалыптастыру. Сондай-ақ студенттерде ортақ тілдік, зияткерлік, танымдық, психикалық процестерді дамыту, яғни шет тілдік қарым-қатынасты, сондай-ақ студенттердің эмоциялары мен сезімдерін, олардың қарым-қатынасқа дайындығын, ұжымдық өзара әрекеттесудің әртүрлі формаларындағы қарым-қатынас мәдениетін дамыту маңызды.

### Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы «Тіл құрал» 1998, «Рауан» баспасы 7 басылымы 114 б
2. Галиуллина И.А. «Бодуэн де Куртенэ и мировая лингвистика» Международная конференция. (VII Бодуэновские чтения). 28-31 октября 2019, 11 с.
3. Жұбанов Қ. Қазақтілжөніндегізерттеулер, Алматы, 1966.
4. Кеңесбаев І., Қазіргі қазақ тілі. Лексика, Фонетика, - А., 1962, 73 б.